

Экономика факультеті кеңесінің отырысында
қарастырылды
Хаттама № 702
« 14 » _____ 2023 ж.



БЕКІТЕМІН
Экономика факультетінің деканы
Нұрмұхаметов Н.Н.
« КУЛЬСІТ » _____ 2023 ж.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ДАМУ ЖОСПАРЫ **8D04105 – «Маркетинг»**

Бағдарламаның аналитикалық негіздемесі. "Маркетинг" білім беру бағдарламасы бойынша PhD докторантураның білім беру бағдарламасының мақсаты кең іргелі білімі бар, бастамашыл, еңбек нарығының өзгермелі талаптарына бейімделетін және жеке де, командада да жұмыс істей алатын заманауи технологиялары бар жаңа форматтағы маркетинг маманын даярлау болып табылады.

Білім беру бағдарламасының міндеттері:

- жоғары дайындық деңгейіне ие докторанттардың теориялық және практикалық жеке дайындығын тереңдету;

- толыққанды және сапалы білім алу үшін жағдай жасау;

- білім алушылардың өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі дамыту қабілеттерін, заманауи білімді өз бетінше шығармашылық игеру дағдыларының қажеттіліктерін дамыту.

Бұл білім беру бағдарламасы жоғары азаматтық ұстанымы, кәсіби мәдениеті, кәсіби құзыреттілігі бар жоғары деңгейдегі мамандарды даярлауға мүмкіндік бере отырып, практикамен байланысты күшейтеді. Докторанттардың экономиканың, маркетингтік және коммерциялық қызметтің қазіргі заманғы бағыттары бойынша білім берудің жеке траекториясын таңдау мүмкіндігі оқу процесін мобильді икемді жоспарлау үшін жағдай жасауға, білім алушылардың өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі дамыту қабілетін дамытуға, заманауи білімді өз бетінше шығармашылық игерудің қажеттілігі мен дағдыларын тәрбиелеуге, халықаралық деңгейде кәсіби ұтқырлыққа кепілдік беретін ғылымдар тоғысындағы іргелі курстарды игеруге мүмкіндік береді.

Білім беру бағдарламасы туралы мәліметтер.

Докторантураның білім беру бағдарламаларын игергісі келетін тұлғаларға білім берудің алдыңғы ең төменгі деңгейі (ғылыми-педагогикалық бағыт:

-кең ой-өрісі мен ойлау мәдениеті бар жоғары білімді тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін жаратылыстану (әлеуметтік-гуманитарлық және экономикалық) пәндер бойынша базалық білімге ие болу;

- маркетинг саласындағы міндеттерді тұжырымдай және іс жүзінде шеше білу;

- кәсіби қызмет саласында ақпараттық технологияларды қолдана білу,

- зерттеу қызметінің дағдыларын меңгеру;

- кәсіби қызмет үшін және магистратурада білім алуды жалғастыру үшін қажетті жаңа білім алу дағдыларын меңгеру.

Қазіргі әлемде әр кәсіпорын нарықты үнемі зерттеп, нарықтық мүмкіндіктерді талдап, тұтынушының сұранысына ие болу үшін қандай өнім шығару керектігін таңдауы керек. Кәсіпорын басшылығы әрқашан өз қызметін нарық талаптарына және тұтынушының сұраныстарына сәйкес жүзеге асырады. Бұл функцияларды маркетинг орындайды. Әрбір кәсіпорында маркетинг бөлімі бар, онда маркетинггерлер тұтынушының талаптарын, сұраныстарды қанағаттандырудың оңтайлы жолдарын, бәсекелестердің күшті және әлсіз жақтарын және бүкіл нарықты үнемі зерттейді.

Білім беру бағдарламасының артықшылықтары:

- дайындық қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізіледі;

- оқытудың интерактивті әдістерін қолдану (интерактивті дәрістер, кейс-стади, рөлдік және іскерлік ойындар, презентациялар және бизнес-жобалар;

- шет тілін тереңдетіп оқыту;

- жетекші компанияларда Ғылыми-зерттеу тәжірибелерінен өту;

- мамандарды жұмысқа орналастырудың жоғары пайызы.

Қазақстандағы тауарлар мен қызметтер нарығының дамуын зерттеуге, жарнамаға, тауарлар мен қызметтерді нарыққа жылжыту стратегияларына және тағы басқаларға көп көңіл бөлінеді.

Даму жоспарының негізгі мақсаттары. Білім беру бағдарламаларын дамыту жоспарының негізгі мақсаты ұйымның стратегиялық және тактикалық мақсаттарына қол жеткізу үшін маркетингтік қызметте қолданылатын заманауи цифрлық технологиялар саласында кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыра отырып, білім беру бағдарламасының мазмұнын жетілдіру болып табылады. Отандық және халықаралық еңбек нарығында бәсекеге қабілетті цифрлық маркетинг саласында жоғары білікті мамандарды даярлау.

ББ дамыту жоспарының негізгі міндеттері:

- толыққанды, сапалы кәсіптік білім алу үшін жағдайларды жақсарту және жетілдіру;
- отандық және халықаралық еңбек нарығында бәсекеге қабілетті түлектерді даярлау мақсатында маркетинг саласындағы әлемдік үрдістерді ескере отырып, білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңғырту;
- білім алушының дербес ғылыми-зерттеу қызметі үшін алғышарттар жасау;
- кәсіби қызметте отандық және шетелдік тәжірибені пайдалану кезінде ғылыми ақпаратпен жұмысты игеру жөніндегі іс-шараларды әзірлеу.

БББ дамыту жоспары бойынша іс-шаралар тізімі

№	Шаралардың аты	Мерзімі
1	Білім алушалар, жұмыс берушілердің қатысуымен білім беру бағдарламасын жетілдірудің тұрақты үдерісін жүргізу	2023-2027
2	Skills Епбек және Coursera рейтингтік білім беру платформаларында әртүрлі курстарды оқыту арқылы докторанттардың кәсіби құзыреттілігін арттыру	2023-2027
3	Докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының бір бөлігі ретінде, жетекші шетел университеттерінің профессорларын оқыту және ғылыми-зерттеу жұмыстарына тарту	2023-2027
4	ҚР АШМ қаржыландыратын гранттар алу үшін конкурстарға, сондай-ақ шаруашылық келісім-шарт түріндегі қызметтерге қатысу арқылы профессорлық-оқытушылық құрамның ғылыми әлеуетін арттыру	2023-2027
5	Ғылыми зерттеу нәтижелерін нөлдік емес импакт-факторы бар рейтингі жоғары журналдарда жариялау	2023-2027
6	Білім алушылар мен оқытушылар құрамының сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлығын тұрақты негізде қамтамасыз ету	2023-2027
7	Докторанттардың ғылыми тағылымдамадан өтуі үшін мамандандырылған кәсіпорындармен келісім-шарттар жасау	2023-2027
8	БББ материалдық-техникалық базасын жаңғырту және кеңейту	2023-2027
9	БББ-ның Қазақстан Республикасының ЖОО арасындағы ұлттық рейтингіне қатысуы	2023-2027
10	Түлектердің жұмысқа орналасуын тұрақты мониторинг жасау	2023-2027

«Менеджмент және маркетинг» кафедрасының отырысында қарастырылды
Хаттама № 7 « 14 » 02 2023 ж.